

Салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өсуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығару ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 621 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5459 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 505 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.10.11 № 505 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

:

1. Қоса беріліп отырылған салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өсуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығару ережелері бекітілсін.

2. Осы бұйрықты орындау жауапкершілігі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы департаменттердің басшыларына жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Д.Е. Ерғожин) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін және осы бұйрықты облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық департаменттерінің назарына ж е т к і з с і н .

4. Осы бұйрықты орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің Төрағасы Д.Е. Ерғожинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланғанының бірінші күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қаңтардан шығатын қатынастарға жаратылады.

Министр

Б. Жәмішев

Салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өсуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығару ережелері

1. Осы Ережелер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабына сәйкес әзірленді және салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өсуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығару тәртібін белгілейді.

2. Ережені қолданысқа енгізген күнінен он жұмыс күні ішінде салық органдарында салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өсуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығаруға арналған комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылады.

К о м и с с и я қ ұ р а м ы н а :

1) салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлдар с а л у ғ а қ ұ қ ы б а р ;

2) з а ң қ ы з м е т і н і ң ;

3) салық төлеушілерді есепке алуды жүргізу және дербес шоттарына жауапты ;

4) мәжбүрлеп өндіріп алуға жауапты лауазымды тұлғалар енеді.

Комиссияны салық органының басшысы болып табылатын төраға жетекшілік е т е д і .

Төраға салық органының өзге де лауазымды тұлғаларын комиссия құрамына қ о с у ғ а қ ұ қ ы б а р .

3. Комиссияны құру күнінен отыз жұмыс күні ішінде 2009 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша төленбеген, салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша айыппұлдар сомасын таңдау мақсатында салық төлеушілердің (кәсіпкерлік, адвокаттық, нотариальдық қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғаларды қоспағанда) салық төлеушілердің (бұдан әрі – құқық бұзушылар) дербес шоттарына түгендеу жүргізіледі.

Дербес шоттарды түгендеуді аяқтағаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысанда тиісті салық төлеушілер – құқық бұзушылардың тізімі комиссияның қарауына жіберіледі (бұдан әрі – N 1 тізім).

4. Комиссия N 1 тізімді алған күннен он бес жұмыс күні ішінде осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысанда салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша айыппұлдар сомасының тізімін түзеді (бұдан әрі – N 2 тізім).

Комиссия төрағасы осы тармақта көрсетілген мерзімді созуға құқы бар, бірақ ол он бес жұмыс күнінен аспауы тиіс.

5. Комиссия N 2 тізімді алған күннен он жұмыс күні ішінде осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысанда салық төлеуші – құқық бұзушының дербес шотынан айыппұлдар сомасын есептен шығару туралы шешім (бұдан әрі – ш е ш і м) қ а б ы л д а й д ы .

Салық органының шешіміне комиссияның барлық мүшелері қол қояды және комиссияның төрағасы бекітеді.

6. Комиссия шешім қабылдағаннан жиырма жұмыс күні ішінде салық төлеушілерді есепке алуды жүргізу және дербес шоттарына жауапты лауазымды тұлғалар айыппұлдар сомасын есептен шығаруды жүргізеді. Есептен шығаруды жүргізу дербес шоттың "Айыппұлдар бойынша есептер" бағандарында дербес шоттың "Операцияның мазмұны және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат" бағанында көрсетумен минус белгісімен есептен шығаруға жататын айыппұл сомасы есептелді (кемітілді)" жазбасы жүргізіледі :

Салық төлеушінің дербес шотынан айыппұл сомасын есептен шығару туралы соттың "___" _____ 2009 жылғы N ___ шешімі.

7. Салық органдары айыппұлдардың сомаларын дербес шоттан есептен шығаруды аяқтағаннан кейін он жұмыс күні ішінде осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық төлеушінің дербес шотынан айыппұлдардың сомаларын есептен шығару туралы есеп жасайды.

8. Осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген есеп осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген есеп мерзім ішінде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық департаменттеріне тапсырылады.

9. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша, арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы салық департаменттері осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген есептерді алған күннен он бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысанда қорытылған есеп тапсырады.

Салық салу саласындағы құқықтарды
бұзғаны үшін әкімшілік жаза
белгілеу туралы қаулы бойынша

мерзімінің өтуіне байланысты
орындалуы мүмкін емес айыппұлдар
сомасын салық төлеушінің дербес
шотынан есептен шығару ережелеріне

1-қосымша

**Салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза
белгілеу туралы қаулы бойынша дербес шоттарында төленбеген
айыппұлдар сомасы бар (кәсіпкерлік, адвокаттық, нотариальдық қызметті
жүзеге асырмайтын жеке тұлғаларды қоспағанда) салық
төлеушілердің 2009 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша
Тізімі**

(салық басқармасының, департаментінің атауы)

N p/c	Салық төлеушінің СТН-і	Салық төлеушінің атауы	БЖК	Төленбеген айыппұлдың сомасы*
1	2	3	4	5
	Барлығы:	X	X	

* міндетті зейнетақы жарнамалары, әлеуметтік аударымдар бойынша дербес шоттарды қоспағанда, дербес шоттар деректері бойынша толтырылады

Комиссия мүшелерінің қолдары және аты-жөндері лауазымдары қоса көрсетілсін: _____

Салық салу саласындағы құқықтарды
бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу
туралы қаулы бойынша мерзімінің
өсуіне байланысты орындалуы мүмкін
емес айыппұлдар сомасын салық
төлеушінің дербес шотынан есептен
шығару ережелеріне

2-қосымша

**Әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамасымен белгіленген
әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өтіп
кетуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасының
Тізімі**

(салық басқармасының, департаментінің атауы)

N p/c	Салық төлеушінің СТН-і	Салық төлеушінің атауы	Қаулының нөмірі*, күні	Бұрынғы мерзімінің біткен күні (күні, айы, жылы)	БЖК	Айыппұл сомасы (тенге)
1	2	3	4	5	6	7

Барлығы:	X	X	X	X	

Комиссия мүшелерінің қолдары және аты-жөндері лауазымдары қоса көрсетілсін:

_____ " _____"
 (кү н і , а й ы , ж ы л ы)

* болған жағдайда көрсетіледі

Салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өтуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын есептен шығару ережелеріне

3-қосымша

Б е к і т е м і н :
 Салық органының басшысы

М.О.

Айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығару туралы шешім N

" ____ " _____ 2009 ж.

(салық органының атауы)

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамасымен белгіленген 2009 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша төленбеген салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өтуіне байланысты орындалуы мүмкін емес, мына салық төлеушілердің дербес шоттарындағы айыппұлдар сомасы есептен шығарылсын:

N p/c	Салық төлеушінің СТН-і	С а л ы қ төлеушінің атауы	Салықтың, басқа да міндетті төлемдердің, БЖК-ы	Қаулының нөмірі* , күні	Айыппұл сомасы (тенге)
1	2	3	4	5	6
	Барлығы:	X	X	X	

Комиссия мүшелерінің қолдары және аты-жөндері лауазымдары қоса көрсетілсін: _____

* болған жағдайда көрсетіледі

Салық салу саласындағы құқықтарды бұзғаны үшін әкімшілік жаза белгілеу туралы қаулы бойынша мерзімінің өтуіне байланысты орындалуы мүмкін емес айыппұлдар сомасын есептен шығару ережелеріне

4-қосымша

Айыппұлдар сомасын салық төлеушінің дербес шотынан есептен шығару туралы есеп

"__" _____ 2009 ж.

(салық басқармасының, департаментінің атауы)

N p/c	Салық төлеушінің СТН-і	Салық төлеушінің атауы	Бұрынғы мерзімі бітті (күні, айы, жылы)	Салықтың, басқа да міндетті төлемдердің, БЖК-ы	Айыппұл сомасы дербес шоттан есептен шығарылды			Есептен шығару бойынша орындаушының лауазымы аты жөні
					Шешімнің N, күні	Күні, айы, жылы	Сомасы (мың тенге)	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Барлығы:	X	X	X	X	X		X

Комиссия мүшелерінің қолдары және аты-жөндері лауазымдары қоса көрсетілсін: _____